

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

13.05.2020 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары Р.В. Склярға**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Роман Васильевич!

Біздің депутаттық сауалымыздың негізі өңірлерде сайлаушыларымен кездесуімізде мемлекеттік балансқа өтпеген иесіз қалған электр трансформаторлар және электр желілері туралы көтерілген мәселеге қатысты болып отыр.

Бүгінгі таңда, елімізде иесіз қалған электр трансформаторлар және электр желілері бойынша көп мәселелер бар. Бұл иесіз қалған электр трансформаторларына және электр желілеріне мемлекет тарапынан ешқандай ұйым жөндеу жүргізбейді. Барлық облыстарда иесіз қалған, тозығы жеткен трансформаторлар жиі істен шығуына байланысты тұтынушылар жарықсыз қалуда. Оны тұрғындар өз өмірлерін қауіпке тігіп, жөндеу жұмыстарын өздері жүргізуде. Бұл жағдай қайғылы жағдайларға әкеп соқтыруда. Мысалы, 2018 жылы Ақтөбе облысы, Шалқар қаласында мектеп оқушысы ашық-шашық тұрған иесіз қалған трансформаторға кіріп, екі қолынан айырылған болатын. Басқа облыстарда да, бұған ұқсас жағдайлар өте көп, бұл әрине өкінішті. Тағы бір мәселені атап өтетін болсам 2019 жылдың 10 қарашасы күні Нұр-Сұлтан қаласының сол жағалауы жарықсыз қалған болатын. Оған себеп, "Левобережная" қосалқы станциясында авария болып, станцияның қосалқы каналынан өрт шыққан болатын. Нәтижесінде апатқа себеп болған иесіз тұрған желілер мен трансформаторлық қосалқы станциялар болып шықты.

2018 жылғы 27 қыркүйекте осы мәселеге қатысты «Ақ жол» демократиялық партиясы» фракциясының бір топ Мәжіліс депутаттарының атынан Энергетика министрлігіне депутаттық сауал жолданған болатын.

Осыған байланысты Энергетика министрлігінің жауабында жергілікті атқарушы органдар энергия беруші ұйымдармен бірлесіп, энергия беруші ұйымдарды ірілендіру, иесіз электр желілерін, коммуналдық меншіктегі желілерді энергия беруші ұйымдарға беру жөніндегі жол карталарын әзірлеп, бекіткен. Сонымен қоса, жалпы, анықталған иесіз электр желілері 2020 жылға дейін энергия беруші ұйымдардың теңгеріміне берілуі тиіс делінген.

Алайда, бүгінгі таңға дейін аталған мәселенің шешімі табылмай ашық күйінде қалуда. Осылайша, Энергетика министрлігінің ақпаратына сүйенетін болсақ, 2020 жылғы жағдай бойынша республикада иесіз қалған электр желілерінің ұзындығы 767 км., трансформаторлар саны 443 дана. Оның ішінде: Нұр-Сұлтан қаласы бойынша иесіз қалған трансформаторлар саны 98 дана, электр желісінің ұзындығы 287 км., Алматы қаласы бойынша да трансформаторлар саны 255 дана, электр желісінің ұзындығы 83 км., Шығыс Қазақстан облысы бойынша да трансформаторлар саны 43 дана, электр желісінің ұзындығы 74 км., Түркістан облысы бойынша трансформаторлар саны 33 дана, электр желісінің ұзындығы 27 км., Шымкент қаласы бойынша трансформаторлар саны 14 дана, электр желісінің ұзындығы 20 км. және де тағы басқа облыстарда да осындай жағдайлар.

Құрметті Роман Васильевич, жоғарыдағы жағдайларды түсіністікпен қарай отырып, мәселенің өзектілігін, халықтың жағдайын, еліміздің әр бір азаматтың амандығы елдің баға жетпес құндылығы екенін ескеріп, республика бойынша иесіз қалған электр желілерді және трансформаторларды мемлекеттік балансқа өтуін қаматамасыз етуіңізді, депутаттық сауалға «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
«Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**Ф. Қаратаев
Қ. Ержан
А. Қожахметов
В. Олейник
Н. Әшімбетов**